



Еуразия кеңістігінің петроглифтері және таңбалары түркі мәдениеті мен жазуының архетиптері ретінде¹

Шаймердинова Н.Г.^a, Молдабай Т.^b

^aЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы. (E-mail: nurila1607@mail.ru)

^bЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы. (E-mail: talgatmoldabay@mail.ru). *Байланыс үшін автор: talgatmoldabay@mail.ru

ARTICLE INFO


Кілт сөздер:
Еуразия ареалы,
петроглифтер,
таңбалар,
архетиптер, түркі
мәдениеті мен
жазуы, мағыналық
байланыс, әлем
бейнесі, руханият.

XFTAP 03.81

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-35-51>

АННОТАЦИЯ

Мақала түркі мәдениеті мен жазуының бастауларына, олардың көне петроглифтермен, таңбалармен, логограммалармен байланысына арналған. Зерттеушілердің пайымдауынша, палеолит дәуірінен бастап петроглифтер, таңбалар мен белгілер Еуразия кеңістігінің барлық аумағында кең таралған. Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркия, Ресейден (Тыва, Хакасия, Таулы Алтай, Забайкальеден) табылған сызбалар, белгілер сюжеттік тұрғыда зерттеліп, жүйеленген. Мақала авторлары Еуразия аймағының петроглифтері мен таңбаларын зерттей отырып, бұл белгілер көптеген ғасырлар бойы қалыптасу, эволюциялық даму және қолданылу қызметі жолын бастан өткере отырып, қалыптасқан көне түрік бітігі (руна) жазуы таңбаларының прототипін қалыптастырды деген пікірде.

Авторлар өз гипотезасын растау мақсатында жартас бетіндегі суреттер мен таңбаларға тарихи-мәдени және танымдық, семантикалық тұрғыда сипаттама беріп, көне түркі бітігі жазу таңбаларымен байланысын барынша көрсетуге тырысады. Крест негізді  таңбаларының көне түркі әліпбиіндегі «д» және «з» дауыссыз дыбысы таңбаларымен байланысын, діни-культтік, темпоральды-космонологиялық, антропоморфтық бейнелердің түркі көшпелі өмір салтының қалыптасуында маңызды рөл атқарып, көшпелі мәдениеттің прототипін қалыптастырды деп еспетейді (арба, түрлі қару-жарақтар, жануарлар).

Таңба мен суреттердің архетиптерін семантикалық талдау және ежелгі адамның қоршаған әлем туралы ойын анықтау – өте маңызды мәселе. Көшпелілер мәдениетінің архетиптері ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының кілтін ашады: арба (негізгі көлік құралы), қару-жарақ (өз территориясын және мүлкін қорғау құралы), үй және жабайы жануарлар көне түркілердің табиғатты, әлеуметті тануда түрлі тотемдер мен танымын айқындайтын бейне ретінде қолданылған.

Received 09 October 2023. Revised 12 October 2023. Accepted 22 November 2023. Available online 30 December 2023.

Дәйексөз үшін:

Н.Г. Шаймердинова, Т. Молдабай Еуразия кеңістігінің петроглифтері және таңбалары түркі мәдениеті мен жазуының архетиптері ретінде // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 4. – 35-51 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-35-51>

For citation:

N.G. Shaimerdinova, T. Moldabay Petroglyphs and tamgas of the Eurasian area as archetypes of Turkic culture and script // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 4. – P. 35-51. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-35-51>



¹ This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. Grant No. AP 14972685 The beginnings of the Kazakh writing culture (from pictogram to alphabetic writing)

Кіріспе

Адамзат өркениетінің пайда болуымен қатар өз ойын жеткізуге деген талпыныс жазу өнерін тудырғанын білеміз. Осы мақсаттағы салынған суреттер (петроглифтер) мен таңбалар сонау тас дәуіріне дейін барады. Алғашқы жазу түрінің «сурет пе, әлде таңба ма» екендігі жөніндегі ғалымдардың ойлары әлі күнге дейін бір арнаға тоғысқан жоқ. Дегенмен бұл екеуінің де ерте кезеңдерден қалған үлгілері бізге жетті (Дэвлет, 2006: 47). Жазу мәдениеті дамуының алғашқы кезеңдері боп саналатын суретті жазу (петроглиф) мен ой жазуы (идеографиялық жазу) кезеңінен қалған мұраларды сюжеттік тұрғыда топтастырып, нақты ескерткіштер арқылы жинақтап, анықтамасын беруге тырысамыз. Әлемдегі осы кезеңдерге тиесілі суретті жазу кезеңі мұраларының сюжеттік, таңбалық ұқсастықтарын талдап, бұл ұқсастықтарға ғылыми негіздеме беруге тырысамыз. Осы талдаулар арқылы көне түркі жазу мәдениетінің суретті жазу кезеңіндегі үлгілері арқылы әлем мәдениетіндегі орнын анықтап, баға береміз. Бұл қазақ халқының жазу мәдениеті тарихындағы орнын анықтап, тарихи кезеңдерін нақтылауға өз пайдасын тигізері анық.

Зерттеудің әдістемесі

Мақалада көзделген міндеттерді жүзеге асыру үшін базалық әдіснама мен жеке әдіс-тәсілдер де қолданылатын болады. Олардың әрқайсысы жүйелілік сипатқа ие және «бүтін-бөлшек», «сыртқы-ішкі», «статика-динамика», «себеп-салдар», «үдеріс-байланыс» біртұтастығы ретінде көрінетін мағыналық аспектілерге негізделген. Салыстырмалы мәдени-семантикалық талдау, графикалық жүйелеу әдістері де қолданылады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Көне түркі мәдениетінің б.з.д. I мыңжылдықтан бері бар екендігін біз көне түркі мемлекеттілігінің болуымен, қала және қоныстарының табылуымен және көне түркі жазуының болуы арқылы бұған дейінгі сала ғалымдарының зерттеулері арқылы дәлелденгенін білеміз (С.Г. Кляшторный, 1987; В.Ф. Зайберт, 2009; А.С. Аманжолов, 1978; А.Х. Маргулан, 1979; М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы, 2006; Н.Г. Шаймердинова, А.К. Каиржанов, С. Ярыгин, Т. Молдабай, 2017; Т. Молдабай, 2021). Жазу мәдениетін дала көшпелілер мәдениетінің ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыру үшін зерттеуімізде әлем мәдениетінің типологиясы тұрғысынан анықтама беруіміз керек. Бұл тұрғыда орыс ғалымы Б.Н. Кузык пен Ю.В. Яковецтің әлем мәдениетінің өзгеруі бойынша құрған концепциясына тоқталуымыз керек. Олар әлем мәдениетінің өзгеруін қоғамның материалдық және рухани ұдайы өндіріс, экономика мен саясат, әлеуметтік қатынастар мен мәдениетін өзара тоғысып жатқан біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Бұл концепция бойынша тарихи реттілігі негізінде бір-бірімен жалғасып жатқан жеті әлемдік өркениет кезеңі белгіленді: неолит (б.з.д. VIII-IV мыңжылдық), ерте таптық (б.з.д. IV-I мыңжылдықтар), ежелгі (б.з.д. VIII ғ.-V ғ.), ортағасырлық (VI-XIV ғ.),

ерте индустриялық (XV-XVIII ғ.), индустриалды (XVIII-XX ғ.) және постиндустриалды (XXI-XXIII ғ.) (Б.Н. Кузык, Ю.В. Яковец, 2006). Дегенмен біздің ойымызша, әлемдік өркениеттерді зерттеудің әмбебаптық талдауымен қатар диахронды талдаулардың да жасалуы қажеттігін тудырады. Бұл бір жағынан жоғарыда аталған әлемдік өркениеттердің тарихи кезеңдік ауысуымен, екінші жағынан жаһандық синхронды өркениеттердің қатар өмір сүруімен және өзара әрекеттесуімен анықталады. Біз бұған көшпелілер мен отырықшылық негізді өркениеттердің әрекеттесуін айта аламыз. Бұл әлем дамуының синхронды кезеңіндегі отырықшылық пен көшпеліліктің диахронды әрекеттестігі деп тануымызға болады. Бұл ретте дала көшпелілері қауымдастығының қалыптасу кезеңінде көшпелілер өркениеті басым рөл атқарса, отырықшы өркениет бұл қауымдастықта әлдеқайда кейінірек көрініс тапқанын айта кеткен жөн. Осы бағыттағы өз зерттеуімізді біз жалғастыра отырып, тасқа басылған қолжазбалар ретінде белгілі жаргас бетіндегі суреттер (петроглифтер), таңбалар мен жазуларға тоқталатын боламыз. Осы салаға қалам тартқан А.В. Адрианов, К.М. Байпаков, В.Ю. Грачев, Е.Г. Дэвлет, М.А. Дэвлет, М.К. Кадырбаев, В.Д. Кубарев, А.Н. Марьяшев, Э.А. Новгородова, А.П. Окладников, Е.А. Окладникова, С.А. Потапов, В.В. Раддов, З.С. Самашев, Л.Д. Чадамба, А. Шер, Н. Базылхан сияқты ғалымдардың еңбектеріне жүгінетін боламыз.

Талдау

Дала көшпелілері өркениетінің институционализациясы неолит дәуірінде басталғанын, тіптен кейбір жеке ерекшеліктерінің алғашқы белгілерінің бұдан да ертерек кезеңдерде болғандығын байқауға болады. Осыны негізге ала отырып, біздің зерттеу алаңымызға келесі петроглифтер кіретін болады:

Палеолит пен қола дәуірі.

Моңғолия: Шивээт Хайрхан, Аршан хад, Билуут-Толгой, Бичигт Улаан Хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур, Чандаман, Чулуут, Яманы-ус;

Ресей: Бичикт-Бом, Қаракөл, Қалбақ-Таш, Қатун, Куйлю, Құрман-Таш, Құйус, Қызыл-Жар, Ұқоқ, Турочакск жазбалары (Таулы Алтай); Алаға, Алды-Мозаға, Бижики-Хая, Бии-Хем, Мортұқ, Догээ-Баары, Ийме, Қара-Бұлұн, Қазырған қорғаны, кіші Баян-Көл, Мұғұр-Саркөл, Окуневск петроглифтері, Орта-Саркөл, Саамчыыр Ұжу, Сыын-Чурек, Устю-Мозага, Үстіңгі-Саркөл, Хая-Бажы, Хербис, Ээрбек I–IV, Ямалық, Чайлаг-Хем, Шанчиг, Шөлде-Тей (Тыва); Онежск жазбалары (Карелия); Кызыл-Хая, Большая Боярск жазбалары, Қаратағ, Красный камень, Ленск петроглифтері, Сулекск және Шалоболинск жазбалары, Оглахтинская, Тепсей, Ұлазы, Хана-Шулуун (Краснояр өлкесі); Қарасұқ жазбалары, Оглахты, Подкамень, Сундуки, Усть-Тюба, Хызын Хыр (Хакасия); Бэшегтуу, Наушки, Цаған-Заба, Селенга, Субуктуй, Сулекск жазбалары, Шаман-гора, Харанхой (Забайкалье өлкесі); Шишкинск жазбалары (Иркутск облысы); Новоромановск петроглифтері (Кемерово облысы); Белая, Билабан, Зенковск жазбалары, Змиев Камень, Ирбит, Исаковск жазбалары, Исеть, Караульный Камень, Маскальск I жазбалары, Соколий Камень, Уфа, Тағыл, Чусовая, Юрузан (Орал);

Қазақстан: Ақ-Бауыр, Арпаөзен, Баян-жүрек, Жайлау, Жайсан, Ешкі-өлмес, Қойбағар, Құлжабасы, Ой-Қаратау, Жетісу, Таңбалы, Теректі Әулие;

Қырғызстан: Саймалы-Таш, Сүлейман-Тоо;

Өзбекстан: Қарақиясай, Сармышсай;

Әзербайжан: Гобустан;

Түркия: Чатал-Хөюк.

Еуразия кеңістігіндегі осынау орасан зор петроглифтер мен таңбалар корпусын зерттей отырып, біз петроглифтер мен түркі жазуы таңбалары арасында мағыналық тарихи-мәдени байланыс орнатуға тырыстық. Ежелгі пиктограммалар эволюциялық тарихи дамудың күрделі жолынан өткен түркі жазуы таңбаларының прототипі, архетипі болу әбден мүмкін. Біз бұл гипотезаны төменде келтірілген мысалдар мен талдаулар арқылы дәлелдеуге тырысамыз. Зерттеу барысында түркі жазуының бірнеше архетиптері анықталды. Олар: қас таңбалар, діни-культтік, темпоральды-космонологиялық, дала көшпелілерінің мәдениетіне байланысты архитиптері (арба, қару-жарақ, құралдар және түрлі жануар бейнелері) және басқа да түрлі таңбалар мен суреттер.

Қас таңбасы (крест) әлем ғалымдары бұл таңбаның көне таңбалар қатарына жатқызып, тарихын тәңірмен байланыстырады. Ресейдің Челябині облысы аумағынан табылған Сынтасты мәдениетіне тиесілі б.з.д. XVII-XVI ғасырларда салынған қалашықтың да шеңбер тәріздес қас таңбасына ұқсайтындығы бекер болмаса керек (1-сурет).



1-сурет.

Л.Л. Гуревичтің реконструкциясы бойынша Арқайым қала сызбасы б.з.д. XVII-XVI ғасыр
(Гуревич Л.Л. О круглых городах древних иранцев // Зоны и этапы урбанизации.

Ташкент: Фан, 1989. – 49 с.).

Әлем халықтарының көп бөлігінде кездесетін бұл таңбаның бірнеше негізгі тірек нұсқасы бар:

бүктемелі қас таңбасы (изломанный крест);



сирақты қас таңбасы (крест с ногами);


шырмаулы қас таңбасы (крест с вензелем);

төрт тіректі қас таңбасы (четвероногий крест);

өрмекші пішінді қас таңбасы (крест паука).

Бұл таңба көне түрік жазу таңбаларында екі түрде енгізілген. Біріншісі, жіңішке дауыстылармен бірге жазылатын **𐰇**, «д» таңбасы. Қас таңба көне түркі танымында

семантикасы уақытпен, күнмен және жұлдызбен байланысты және көне түркі тіліндегі «өд» (уақыт) мағынасын береді. Екіншісі, көне түрік жазуындағы  «з» таңбасы. Бұл таңба  «д» таңбасынан шыққан деуге болық болады. Себебі көне түркі тілінде «д» дыбысының «з» дыбысына айналуы кездесіп тұрады. Осы ұқсастықты басшылыққа ала отырып, біртекті таңба қолданған сияқты. Бізде көзімізбен көрген осы қас таңбаларының Еуразия аймағындағы бейнелерін жинақтаған едік (2-сурет):



2-сурет.

- a) Орталық Моңғолия жерінен кездесетін қас таңба (свастика) нұсқалары;
- b) Хорезм аймағында кездесетін қас таңбасы нұсқалары;
- c) Дон бойынан табылған қас таңбасы нұсқалары;
- d) Қаратау, Жалтыртас, Маңғыстау аймақтарынан табылған қас таңба.

Бұл таңба дала көшпелілерінің өмір сүрген Цагаан-айраг, Бичигт Улаан хад, Дарви жартасы (Моңғолия), Хатун (Таулы Алтай), Хая-Бажы (Тыва), Ленск және Шалаблинск жазбалары (Краснояр өлкесі), Исаковск жазбасы (Орал), Қаратау, Қарақабақ, Ақбауыр (Қазақстан), Саймалы-Таш, Сулайман-Тоо (Қырғызстан) сияқты көптеген жерлерде кездеседі (З. Самашев, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новородова, 1984).

Діни жоралғыларға қатысты петроглифтер. Дала көшпелілері өмір сүрген аумақта қашалған петроглифтер арасында сонау тас дәуірі мен қол дәуірінен бастап кешеге дейінгі кезеңдерде салынған діни рәсімдер мен тылсым күшке байланысты көптеген суреттер салынған. Біз олардың барлығын жинақтап, діни жоралғыларға қатысты петроглифтер ретінде топтастыруды жөн көрдік. Бұл тас бетіндегі суреттердің ішінде құрбандық шалу, тәу ету (сиыну), о дүниеге аттандыру сияқты жоралғылар мен діни-мистикалық таңбалар, құдайдың құдыретін бейнелейтін таңбалар мен жануар және адам кейіптерінің бірігуі арқылы жасалған ерекше бейнелерді біріктіруге тырыстық. *Адорация кейіпіндегі бейнелер (Тәңірге қол жайып тілек тілеу):* Чулуут, Хар-Салаа (Моңғолия), Чатал Хөюк (Түркия), Қаракөл, Қалбақ-Таш (Таулы Алтай); Бижикт-

Хая (Тыва), Боярск және Ленск жазбалары (Краснояр өлкесі), Подкамень (Хакасия), Новоромановск петроглифтері (Кемеровск), Харитани I (Солтүстік Кавказ), Баянжүрек, Арпа-Өзен, Ой-Жайлау, Қарасай, Қаратау петроглифтері (Қазақстан). Қасиетті адам және аң бейнелері: Чулуут, Хар-Салаа (Моңғолия), Окуневск петроглифтері (Тыва), Қалбақташ, Қаракөл, Бешөзек (Таулы Алтай); Тамғалы, Құлжабасы, Қаратау, Баянжүрек, Қойбағар, Ақбауыр (Қазақстан), Чатал-Хөюк (Түркия). (З. Самашов, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новородова, 1984).

Көшпелілердің діни танымдық циклінде көне түркілердің басты құдайлары – Тәңірімен және Ұмаймен байланысты символдардың маңызы ерекше. Ежелгі түркілердің мәдениетінде Тәңірі мен Ұмайдың діни статусы антропоцентристік көзқараспен байланысты: Тәңірі – еркек, Ұмай – әйел (әйелдер мен балалардың қамқоршы құдайы).

Көбею, ұрықтану сюжетіндегі бейнелер. Ерте кезеңдегі халықтарда ұрықтану Тәңірінің адамға, соның ішінде анаға берілген ерекше қасиеті ретінде бағаланады. Сол себепті алғашқы қоғамда әйел рөлі алға шықты, билеушілер әйел болды. Яғни, аналық ру (матриархат) жүйесі құрылды. Тіптен құдайларын да әйел кейпінде жасады (Richard, 2013: 65). Палеолиттік кезеңде кең таралған матриархат жүйесі осы кезеңнің соңында өз үстемдігін жоя бастады. Біздің ойымызша, көне түрік танымындағы «Ұмай ана» бейнесі де дәл осы палеолиттік кезеңде қалыптасса керек. Кейіннен матриархат жүйенің әлсіреуімен бірге өз орнын «Тәңірі» құдайға босатса керек. Көне түркі танымындағы ана, бала және ошақтың қорғаушысы Ұмай ана танымы жер анамен, аймен, өмір ағашы сияқты ана құдай бейнелерімен тығыз байланысты. Күлтегін мәтінінде «...Әкем қаған өлгенде кіші інім Күлтегін жеті жаста еді... Ұмай текті анам қаншайымның қолдауымен, қорғауымен (құтымен) інім Күлтегін ер атанды» десе, Тоң-ұқұқ мәтінінде (2-мәтінтас) «Осы жерге дейін келгендер қиналғанын айтты, бірақ қиналғанын білдірмеді. Тәңірі Ұмай, қасиетті Қара жер мен су бізді қолдады», - деп Ұмай ана бейнесін ашуға көмектеседі. Ұмай ана құдай, қорғаушы періште сияқты танымдарға ие екенін көруге болады. Көне кезеңдегі тас бетіндегі ана құдай бейнелерінің басты ерекшелігі оның туу мен көбею символы ретінде аналық жатыры мен омырауының ерекше үлкен етіп көрсетілуі еді. Осы бейнедегі тас дәуіріндегі ана құдай мүсіндері де әлемнің әр түкпірінде бар. Сонымен қатар әлемдегі тас бетіне қашалған суреттер мен үңгірлерде салынған ана құдай бейнелері және көбею мен туудың қасиетті екенін дәріптейтін жыныстық қатынасқа ену суреттерінің де астарында осы көбею мен туудың символы «Ана құдайды» дәріптеу жатқандығын аңғаруға болады. Осы тәріздес ана құдай бейнелері мен сюжетті бейнелер көне түркілер өмір сүрген аумақтарда да жиі кездеседі: Чулуут, Хар-Салаа, Иншан, Шивээт-Хайрхан, Аршан хад, Билуут-Толгой, Бичигт Улаан Хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур, Чандаман, Яманы-ус (Моңғолия), Қаракөл, Қалбақ-Таш Бичикт-Бом, Қатун, Куйлю, Құрман-Таш, Құйус, Қызыл-Жар, Ұқоқ, Турочакск жазбалары (Таулы Алтай); Алаға, Алды-Мозаға, Бижикт-Хая, Бии-Хем, Мортұқ, Догээ-Баары, Ийме, Қара-Бұлұн, Қазырған қорғаны, кіші Баян-Көл, Мұғұр-Саркөл, Окуневск петроглифтері, Орта-Саркөл, Саамчыр Ұжу, Сыын-Чурек, Устю-Мозага, Үстіңгі-Саркөл, Хая-Бажы, Хербис, Ээрбек I-IV, Ямалық, Чайлаг-Хем, Шанчиг, Шөлде-Тей (Тыва), Боярск және

Ленск жазбалары, Онежск жазбалары (Карелия); Кызыл-Хая, Қаратағ, Красный камень, Ленск петроглифтері, Сулекск және Шалоболинск жазбалары, Оглахтинская, Тепсей, Ұлазы, Хана-Шулуун (Краснояр өлкесі), Подкамень, Қарасұқ жазбалары, Оглахты, Сундуки, Усть-Тюба, Хызын Хыр (Хакасия), Новоромановск петроглифтері (Кемеровск), Харитани I (Солтүстік Кавказ), Баянжүрек, Арпа-Өзен, Ой-Жайлау, Қарасай (Қазақстан) (З. Самашов, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новородова, 1984).

Әлем бейнесі, уақыт белгілері және космогондық сюжеттерге қатысты суреттер мен символдар: Адамзат өмір бойы айналасын түсінуге, онымен қарым-қатынас жасауға тырысқандығын білеміз. Осыны түсіну үшін адамдар өте ерте заманнан бері уақыт пен әлем құрылымын ұғуға ұмтылды. Өз дүниетанымдары негізінде уақытты белгілейтін белгілер, нышандар, бейнелер ойлап тапты (3-сурет).




3-сурет. Құлжабасы тауындағы және Бәйте-3 (Сармат дәуірі) ғибадатханасындағы лабиринт бейнелері (Самашев З., Базылхан Н., Самашов С. Көне түркі таңбалары. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2010. – 168 б. – 15 б.).

Дәл сол сияқты әлемнің құрылымын да өзіндік символдар мен таңбалармен бейнелеуге тырысты. Көне түркі кезеңінен бізге жеткен әлем бейнесі негізінен үш құрылым: жоғарғы әлем, орта әлем және төменгі әлем ретінде танылды. Әр әлемнің өзіне тән кейіпкерлері бар еді. Жоғарғы әлемде құдайлар мен киелі жануарлар өмір сүрсе, ортаңғы әлем адамдар мен жануарларға тиесілі еді. Ал төменгі әлем өлілерге тиесілі болды (Шаймердинова, 2014:82). Әлем бейнесін өздерінің мифтерінде баяндау арқылы, кейде киелі жартастар мен үңгірлерде бейнелеу арқылы жеткізуге тырысқан. Осындай киелі үңгірлер мен жартастарда салынған әлем бейнесі өздерінің дүниетанымдарындағы символикалық бейнелер арқылы жеткізілген. Мысалы, жоғарғы әлемді құстар арқылы, ортаңғы әлем тұяқты жануарлар арқылы, төменгі әлем жылан немесе балық арқылы бейнеленген (Леруа-Груан, 1971: 85).

Көшпелілер өмір сүрген аумақтағы петроглифтерде көбінесе тұяқты жануарлар бейнеленеді. Балықпен жыланды өте аз кездестіреміз. Бұл да олардың дүниетанымындағы өлім мен өмір арпалысының антагонизмі идеясында («Екі жұлдыз» дүниетанымы, күрес)

жатқандығын байқауға болады. Бұл танымдары тас бетіндегі суреттерде өзінше орын алды. Уақытты білдіретін циклдық спиральды суреттер, үш негізді әлемді бейнелейтін сызбалар мен космогондық сюжетті арпалыстарды бейнелеген суреттер көптеп кездеседі. Бұл дала көшпелілерінің әлем танымының жазбасы десе де болады. Мұндай бейнелер Иншан, Чулуут, Шивээт-Хайрхан (Моңғолия), Алды-Мозага, Мугур-Саргөл (Тыва), Құйлы, Қалбақ-Таш, Бешөзек (Таулы Алтай), Ешкіөлмес, Таңбалы, Тарбағатай, Теректі әулие, Ақбауыр, Қаратау, Баянжүрек (Қазақстан), Шишкинск жазбасы (Иркутск) петроглифтерінде кездеседі (З. Самашов, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новгородова, 1984). Көптеген жартас бетіндегі және үңгірлердегі суреттердің жанында тұрақты түрде сызылған түсініксіз сызбалар да (пиктограммалар) көптеп кездеседі. Орыс ғалымы Новгородова Э.А. осы сызбаларды өз еңбегінде салыстырған болатын (4-сурет):



4-сурет.

1 Хойт Цэнхэрийн агуй (Моңғолия) және 2 Франко-Кантабрийский үңгір суреттері арасындағы кейбір таңбалар мен сызбалардың ұқсастығы (Э.А. Новгородова.

Мир петроглифов Монголии. – М.: Наука, 1984. – 52 с.).

Антропоморфты бейнелер. Адамзат пайда болғаннан бері тылсым күшке, жаратушыға сенді. Осы сенімдерін тас бетіне адам пішініндегі ерекше бейнелер арқылы антропоморфтандырылған сюжеттер арқылы жеткізуге тырысқан. Оның ең қарапайым мысалы Қазақстандағы Таңбалы тас петроглифтеріндегі күн басты адам бейнесі. Осы сияқты бейнелер көшпелілер өмір сүрген Еуразия құрлығының көптеген бөлігінде кездеседі. Бұл бейнелер негізінен киелі саналған орындарда кездеседі. Діни рәсім орындалатын киелі орындардың негізгі белгілерінің бірі осы антропоморфты

бейнелер. Атап айтар болсақ: Чулуут, Хар-Салаа (Моңғолия), Чатал Хөюк (Түркия), Қаракөл, Қалбақ-Таш (Таулы Алтай); Бижикт-Хая (Тыва), Боярск және Ленск жазбалары (Краснояр өлкесі), Подкамень (Хакасия), Новоромановск петроглифтері (Кемеровск), Харитани I (Солтүстік Кавказ), Баянжүрек, Арпа-Өзен, Ой-Жайлау, Қарасай, Қаратау петроглифтері (Қазақстан). Қасиетті адам және аң бейнелері: Чулуут, Хар-Салаа (Моңғолия), Окуневск петроглифтері (Тыва), Қалбақташ, Қаракөл, Бешөзек (Таулы Алтай); Тамғалы, Құлжабасы, Қаратау, Баянжүрек, Қойбағар, Ақбауыр (Қазақстан), Чатал-Хөюк (Түркия) (З. Самашов, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новгородова, 1984).

Ізденіс барысында дала көшпелілерінің мәдениетіне байланысты суреттер мен таңба, символдар табылды. Олар – арба, қару-жарақ және түрлі жануар бейнелері.

Арба бейнелері. Көшпелілердің ерте дәуірден бері көлік құралы ретінде арба пайдаланғанын білеміз. Кейіннен бұл арбалар сән-салтанат, соғыс құралы ретінде де пайдаланылды. Тас бетінде қола дәуірінен бастап бейнелене бастаған арба суреттері көшпелілер өмір сүрген Еуразия құрлығының көп бөлігінде кездеседі (6-сурет).



5-сурет. Қос ат жеккен арбалы адам. Шивээт хайрхан, Моңғолия. (Молдабай Т. сызбасы).

Арба технологиялық тұрғыда күрделі құрылымды құрал болғандықтан, бұның адамзатқа әкелген пайдасы үлкен еді. Бұл дала көшпелілерінің күрделі технологиялық жетістіктерге ерте кезеңдерден бастап қол жеткізгендігін айғақтайды. Хар-Салаа II, Шивээт-Хайрхан (Моңғолия), Ақбауыр, Қаратау, Таңбалы, Ешкіөлмес, Баянжүрек (Қазақстан) (В.Д. Кубарев, 2003; Э.А. Новгородова, 1984; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977).

Қару-жарақты жауынгер бейнелері. Дала көшпелілері мекен еткен аймақтың климаты қатал еді. Сондықтан осы аймақты мекен еткен адамдар ерте кезден осы қатал климатқа төзімді болуды, қатаң шарттар негізінде өмір сүруге бейімділікті ерте үйренген сияқты. Осы аймаққа қолайлы шаруашылық – мал шаруашылығы еді. Сондықтан дала көшпелілері осы шаруашылықты барынша терең меңгерді. Жайылымныңығы, табиғаттың ырқына бағынып, көшпелі мал шаруашылығын дамытты. Бұл мал шаруашылығы үлкен байлық көзі болғандығына қарамастан, қатерлі шаруашылық еді. Жылдар бойы жиған

тергені әп-сәтте біреудің еншісінде кетуі мүмкін еді. Сондықтан олардың соғыс өнеріне бейімделуі керек болды. Осылайша атқа қонған дала көшпелілері тал бесіктен жер бесікке дейін соғыс өнеріне шыңдалып, ат жалында өмірлері өтті. Бұлардың кез келгені атқа қонса, «атты жауынгер» еді. «Бес қаруын» сайлаған атты жауынгер бейнелері дала көшпелілерінің өмір сүрген аумақтарындағы жартас бетіндегі петроглифтерде көптеп кездесуінің сыры осы болса керек. Салт атты жауынгер бейнелері негізінен көне түркі кезеңіне тиесілі екендігі жартас бетіндегі суреттерді зерттеп жүрген көп ғалымдар тарапынан мойындалады (6-сурет). Чулуут, Хар-Салаа, Иншан, Шивээт-Хайрхан, Аршан хад, Билуут-Толгой, Бичигт Улаан Хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур, Чандаман, Яманы-ус (Моңғолия), Қаракөл, Қалбақ-Таш Бичикт-Бом, Қатун, Куйлю, Құрман-Таш, Құйус, Қызыл-Жар, Ұқоқ, Турочакск жазбалары (Таулы Алтай); Алаға, Алды-Мозаға, Бижикт-Хая, Бии-Хем, Мортұқ, Догээ-Баары, Ийме, Қара-Бұлұн, Қазырған қорғаны, кіші Баян-Көл, Мұғұр-Саркөл, Окуневск петроглифтері, Орта-Саркөл, Саамчыыр Ұжу, Сыын-Чурек, Устю-Мозага, Үстіңгі-Саркөл, Хая-Бажы, Хербис, Ээрбек I-IV, Ямалық, Чайлаг-Хем, Шанчиг, Шөлде-Тей (Тува), Боярск және Ленск жазбалары, Онежск жазбалары (Карелия); Кызыл-Хая, Қаратағ, Красный камень, Ленск петроглифтері, Сулекск және Шалоболлинск жазбалары, Оглахтинская, Тепсей, Ұлазы, Хана-Шулуун (Краснояр өлкесі), Подкамень, Қарасұқ жазбалары, Оглахты, Сундуки, Усть-Тюба, Хызын Хыр (Хакасия), Новоромановск петроглифтері (Кемеровск), Харитани I (Солтүстік Кавказ), Баянжүрек, Арпа-Өзен, Ой-Жайлау, Қарасай (Қазақстан) (З. Самашев, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новородова, 1984).



6-сурет. Хар-Салаа I (Көне түркі дәуірі) салт атты жауынгер (Молдабай Т. сызбасы).

Түрлі жануар бейнелері. Дала көшпелілерінің басты тіршілік ететін шаруашылығы «мал шаруашылығы» еді. Байлық малмен өлшеніп, малмен біткен дала көшпелілеріндегі төрт түліктің алатын орны ерекше екендігін қазіргі қазақ танымындағы «мал-жан

амандығы», «төрт түлік», «мал сыбағасы», «мал сілекейі», «мал мен бастың артуы» сияқты танымдармен және «төрт түліктің киесі» сияқты ұғымдардан аңғаруға болады. Малдың еті мен сүтін азық, терісін киім, сүйегін құрал, мінсе көлік, бақса байлық қылған дала көшпелілері малдың жасы, түрі, түсіне қатысты мыңдаған сөздер, тіптен мал етінің әр мүшесін өзінше атап, адамның қоғамдағы орнына байланысты оған ұсынатын сыйлы азық еткен екен. Ендеше, дала петроглифтерінде төрт түліктің бейнесінің көптеп кездесуінің себебі түсінікті болса керек. Сонымен қатар дала көшпелілері табиғатпен етене араласқандықтан, ондағы тіршілік иелеріне ерекше мән берген. Олардың негізгі қасиеттерін ерте танып, ерекше бағалаған. Мысалы, батырлықтың символы ретінде: *қасқыр (бөрі), арыстан, жолбарыс, аю, қабан* сияқты аңдарды таныса; ақыл, қулық, айла символы ретінде: *түлкі, тасбақа*; ал бейбітшілік пен татулықтың символы ретінде: *қой, қарылғаш, көбелек, аққу*; ал соғыс символы ретінде: *өгіз, жылан, қыран, жылқы* бейнелерін қолданған екен.

Ал көшпелілер танымындағы киелі жануарлар қаншама! Оның ішінде *бұғы, көк бөрі, өгіз* сияқты ерекше киелілік танымына ие жануарларға тоқталуымыз керек сияқты. Бұғы киелі өмір ағашымен бірге дала көшпелілерінде (сақ (скиф), Сібір халықтарында б.з.б. 8 ғ.) жаратушы құдайы ретінде саналған. Археологиялық олжалардағы бұғы бейнелері архаикалық дәуірдегі ғарыштың пайда болуы және дамуымен сәйкестендірілді, дүниенің басы мен соңы ретінде қарастырылды; Қасиетті жаратылыстар сияқты, өзен мен таулар, қайта тірілу/жаңару бұғылармен байланысты және бұғылар жануарлардың анасы болып саналады (Jacobson, 1996: 375; Dalkesen, 2015: 62).

Бөрі танымы көне түркілер заманында ерекше алға шықты. Өздерінің халық ретінде тарих сахнасына шығуын қасқырмен байланыстырған көне түркілердің тарихтағы рөлі де осы бөрі кейпінде еді. Тіптен Күлтегін жазбаларында Білге қағанның аузынан: «түрік қағанының әскері бөрі сияқты еді, ал жауларының әскері қой сияқты еді...», - деген теңеу қолданылады. Бөрі басты байрақ мемлекеттің символы ретінде қолданылды. Бөрі тотемі осы кезеңде ерекше алға озды. Ал көне түркілерден бастау алған киеліліктің шыңын білдіріп, қасиетін артыратын «көк» сөзі «Көк Тәңірі», «Көк Түрік» сөзінен кейін «бөрі» сөзіне қосылып, «Көк Бөрі» деп атала бастады. «Көк» сөзі көне түркілер танымында «аса қасиетті» деген ұғымға ие. Ендеше түркі халқының мифологиялық шығу тегіне тікелей әсер еткен «бөрі» көне түркілер үшін өте қасиетті жануар болды деп пайымдауға әбден болады (Пансат, Мамаева, Алкая 2023: 146).

Өгіз – дала көшпелілерінде әлемдегі көптеген халықтарда секілді жердің пайда болуымен байланыстырылатын киелі жануар. Оның мүйізімен әлемді тіреп тұруы сияқты танымдар әлем мифологиясында ерекше орынға ие. Сонымен қатар өгіздің отырықшы халықтардағы егін егу және егіншілік құралы ретіндегі қызметі де бұл жануардың адамзатқа пайдасына байланысты рөлі ұлықталған. Бұқа сипатында күш және құдырет иесі ретінде соғыс символы ретінде қабылданған (Kolot, 2020: 436).

Жануар бейнелері салынған петроглифтер: Чулуут, Хар-Салаа, Иншан, Шивээт-Хайрхан, Аршан хад, Билуут-Толгой, Бичигт Улаан Хад, Хойт-Цэнхэр, Бага-Ойгур, Чандаман, Яманы-ус (Моңғолия), Қаракөл, Қалбақ-Таш Бичикт-Бом, Қатун, Куйлю, Құрман-Таш, Құйус, Қызыл-Жар, Ұқоқ, Турочакск жазбалары (Таулы Алтай); Алаға, Алды-Мозаға, Бижикт-Хая, Бии-Хем, Мортұқ, Догээ-Баары, Ийме, Қара-Бұлұн, Қазырған қорғаны, кіші Баян-Көл, Мұғұр-Саркөл, Окуневск петроглифтері, Орта-

Саркөл, Саамчыыр Ұжу, Сыын-Чурек, Устю-Мозага, Үстіңгі-Саркөл, Хая-Бажы, Хербис, Ээрбек I-IV, Ямалық, Чайлаг-Хем, Шанчиг, Шөлде-Тей (Тыва), Боярск және Ленск жазбалары, Онежск жазбалары (Карелия); Кызыл-Хая, Қаратағ, Красный камень, Ленск петроглифтері, Сулекск және Шалоболинск жазбалары, Оглахтинская, Тепсей, Ұлазы, Хана-Шулуун (Краснояр өлкесі), Подкамень, Қарасұқ жазбалары, Оглахты, Сундуки, Усть-Тюба, Хызын Хыр (Хакасия), Новоромановск петроглифтері (Кемеровск), Харитани I (Солтүстік Кавказ), Баянжүрек, Арпа-Өзен, Ой-Жайлау, Қарасай (Қазақстан). Қасиетті адам және аң бейнелері: Чулуут, Хар-Салаа (Моңғолия), Окуневск петроглифтері (Тува), Қалбақташ, Қаракөл, Бешөзек (Таулы Алтай); Құлжабасы, Қаратау, Баянжүрек, Қойбағар, Ақ-Бауыр, Арпаөзен, Жайлау, Жайсан, Ешкі-өлмес, Ой-Қаратау, Жетісу, Таңбалы, Теректі Әулие (Қазақстан), Саймалы-Таш, Сүлейман-Тоо (Қырғызстан) (З. Самашев, 2010; А.Д. Грач, 1957; М.А. Дэвлэт, 1982; М.К. Кадырбаев, А.Н. Марьяшев, 1977; В.Д. Кубарев, 2003; В.Д. Кубарев, Д. Цэвээндорж, 1996; Э.А. Новогородова, 1984).

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде біз көне дала көшпелілері өмір сүрген аумақтағы петроглифтер мен таңбалардың сюжеттік тұрғыдағы танымына үңіліп, оның көне түркі дүниетанымындағы орнын анықтадық. Көне түркілер өмір сүрген аймақтан табылған петроглифтер мен таңбалардың көптеген ғасырлар бойы қалыптасу, эволюциялық даму және қолданылу қызметі жолын бастан өткере отырып қалыптасқан көне түркі бітігі (руна) жазуы таңбаларының прототипі деген пікір ұсындық. Көне таңбалар мен пиктограммалардың көне түркі бітігі жазуы таңбалары арасындағы байланысы нақты жазба деректер негізінде сабақтастығы көрсетілді. Крест негізді, діни-культтік, темпоральды-космонологиялық, дене-заттық және басқа да түрлі таңба мен суреттерді талдай отырып, көне көшпелілердің дүниетанымын, әлем бейнесін, рухани белгілерін ашуға тырыстық.

Қорытынды

Еуразия құрлығын мекендеген дала көшпелілері жазу тарихының бастауы саналатын суретті жазу кезеңін, әлем мәдениетінен қалыспай, сонау палеолиттік кезеңнен бастағанын көруге болады. Дала көшпелілері тарапынан салынған жоғарыда келтірілген жартаст бетіндегі және үңгірлерде салынған суреттер қоры өте көп және сюжеттік тұрғыда алуан түрлі. Біз осы қордағы суреттерді мазмұндық тұрғыда топтастырып, анықтамасын беріп, нақты мысалдар арқылы талдадық. Ең қызығы, Еуразия құрлығының бір басындағы дала көшпелілерінің салған суреттері (петроглифтер) мен Батыс Еуропадағы суреттердің мазмұндық және салу технологиясы бойынша ұқсастықтары таң қалдырады. Кейбір киелі жерлерде салынған символикалық таңбалардың ұқсастықтары ерте замандағы адамдардың бір дүниетаныммен, бір протомифтік таныммен сусындағанын аңғартады. Бұл адамдардың пайда болуы жайлы танымның мифтік тұрғыда бірнегізділігінің (моноцентризм) анық белгісі деп білеміз. Ал осы кезеңдегі суретті жазулардың көне түркі мәдениетіндегі орны ерекше. Ерте

тас дәуірінен бастап, орта ғасырларға дейін жалғасқан бұл тас бетіндегі суреттердің көне түркі жазу мәдениетіндегі алар орны ерекше. Бұл көне түркілердің өз төл жазуларын ойлап (көне түркі бітіг жазуын) табуына жазба қоры тұрғысынан да және жазу тарихының дамуы тұрғысынан да толық негіз бар екендігін білдіретін бірден-бір дәлелді жазба мұралар. Жазу мәдениеті – жалпы мәдениеттің маржаны болса, біздің осы ерекше мәдениетке қосқан үлесіміздің орасан екендігін осы жазба ескерткіштер арқылы көрсетуімізге болады. Біз өз жазу тарихымызды дәл осы ерте тас (палеолитік) дәуірінен бастауымыз қажет.

Әдебиет

- Аманжолов А.С., 1978. К генезису тюркских рун // Вопросы языкознания. №2. С. 76-87.
- Грач А.Д., 1957. Петроглифы Тувы, 1 (проблема датировки и интерпретации, этнографические традиции) // Сб. МАЭ. М.- Л.: Вып. XVII. С. 89-146.
- Гуревич Л.Л., 1989. О круглых городах древних иранцев // Зоны и этапы урбанизации. Тез. докл. рег. конференции. Ташкент: Фан. С. 48-49.
- Дэвлет М.А., 2006. Древние жилища народов Северной и Центральной Азии (по материалам петроглифов) // Миропонимание древних и традиционных обществ Евразии. Памяти В.Н.Чернецова. М.: ТАУС. С. 212-238.
- Дэвлэт М.А., 1982. Петроглифы на кочевой тропе. М.: Наука. 127 с.
- Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ., 2006. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. Астана: Күлтегін. 359 б.
- Зайберт В.Ф., 2009. Ботайская культура. Алматы: ҚазАқпарат, 2009. 576 с.
- Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н., 1977. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 230 с.
- Кляшторный С.Г., 1987. Древнетюркская цивилизация: диахронические связи и синхронические аспекты // Советская тюркология. №3. С. 58-62.
- Кубарев В.Д., 2003. Наскальное искусство Алтая. Горно-Алтайск: АКИН. 124 с.
- Кубарев В.Д., Цэвээндорж Д., 1996. Раннесредневековые петроглифы Монгольского Алтая // Памятники культуры древних тюрков в Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск: Изд-во НГУ. С. 157-169.
- Кузык Б.Н., Яковец Ю.В., 2006. Теория и история цивилизаций. Т1. Цивилизации: теория, история, диалог, будущее. Т 2. М.: Ин-т экономических стратегий. 765 с.
- Леруа-Гуран А., 1971. Религия доистории // Первобытное искусство. Новосибирск. С. 81-90.
- Маргулан А.Х. 1979. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука. 360 с.
- Молдабай Т. 2021. Жазба мәтіндер негізінде көне ұйғыр әліпбиінің қолданылуындағы еркешеліктер // Turkic Studies Journal. №4. Б. 44-52.
- Новгородова Э.А., 1984. Мир петроглифов Монголии. М.: Наука. 168 с.
- Пансат Ж.М., Мамаева Г.Б., Алкая Е., 2023. «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздерінің мифолингвистикалық сипаты // Turkic Studies Journal, 2023. №3. Б. 146-160.
- Самашов З., Базылхан Н., Самашов С., 2010. Көне түрік таңбалары. Астана: АО «АБДИ Компани». 168 б.
- Шаймердинова Н.Г., 2014. Древнетюркская картина мира в текстах письменных памятников. Учебное пособие. Астана: ЕНУ. 307 с.
- Шаймердинова Н.Г., Каиржанов А.К., Ярыгин С.А., Молдабай Т., 2017. Происхождение и функционирование рунической письменности. Астана: Alau Group & Co. 145 с.

Dalkesen N., 2015. Orta asya'dan anadolu'ya türk kültüründe geyik kültü // Millî Folklor. Sayı 106. S. 61-69.

Jacobson E., 1996. The Deer Goddess of Ancient Siberia: A Study in the Ecology of Belief (Review by: Fujikawa Shigehiko) // Asian Folklore Studies. Vol. 55. No. 2. P. 374-377.

Kolot B., 2020. Türk Kültür Tarihinde Boğa-Öküz // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. Sayı 8 (22). S. 435-437.

Richard P.K., 2013. The Symbolical Language of Ancient Art and Mythology. New York: Hard Press Publishing. 453 p.

Reference

Amanzholov A.S., 1978. K genezisu tyurkskih run [On the genesis of the Turkic run]. Voprosy yazykoznaniiya [Questions of linguistics]. №2. P. 76-87. [in Russian].

Grach A.D., 1957. Petroglify Tuvy, 1 (problema datirovki i interpretacii, etnograficheskie tradicii) [Petroglyphs of Tuva, 1 (problem of dating and interpretation, ethnographic traditions)]. Sb. MAE. Moscow-Leningrad. Issue. XVII. P. 89-146. [in Russian].

Gurevich L.L., 1989. O kruglyh gorodah drevnih irancev [About the round cities of the ancient Iranians]. Zony i etapy urbanizacii. Tez. dokl. reg. konferencii [Zones and stages of urbanization. Abstract. report reg. conferences]. Tashkent: Fan. P. 48-49. [in Russian].

Devlet M.A., 2006. Drevnie zhilishcha narodov Severnoj i Central'noj Azii (po materialam petroglifov) [Ancient dwellings of the peoples of Northern and Central Asia (based on petroglyphs)]. Miroponimanie drevnih i tradicionnyh obshchestv Evrazii. Pamyati V.N. Chernecova [Worldview of ancient and traditional societies of Eurasia. In memory of V.N. Chernetsova]. Moscow: TAUS. P. 212-238. [in Russian].

Devlet M.A., 1982. Petroglify na kocheboj trope [Petroglyphs on the nomadic path]. Moscow: Nauka. 127 p. [in Russian].

Zhodasbekov M., Sartqozhauly K., 2005. Orhon eskertkisherinin tolyq atlası [Complete atlas of Orkhon monuments]. Astana: Kultegin. 359 p. [in Kazakh].

Zajbert V.F., 2009. Botajskaya kul'tura [Botai culture]. Almaty: KazAqparat. 576 p. [in Russian].

Kadyrbaev M.K., Mar'yashev A.N., 1977. Naskal'nye izobrazheniya hrebta Karatau [Rock art of the Karatau ridge]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR. 230 p. [in Russian].

Klyashtornyj S.G., 1987. Drevnetyurkskaya civilizaciya: diahronicheskie svyazi i sinhronicheskie aspekty [Ancient Turkic civilization: diachronic connections and synchronic aspects]. Sovetskaya tyurkologiya. №3. P. 58-62. [in Russian].

Kubarev V.D., 2003. Naskal'noe iskusskustvo Altaya [Rock art of Altai]. Gorno-Altajsk: AKIN. 124 p. [in Russian].

Kubarev V.D., Ceveendorzh D., 1996. Rannesrednevekovye petroglify Mongol'skogo Altaya [Early medieval petroglyphs of the Mongolian Altai]. Pamyatniki kul'tury drevnih tyurok v Yuzhnoj Sibiri i Central'noj Azii [Cultural monuments of the ancient Turks in Southern Siberia and Central Asia]. Novosibirsk: Izd-vo NGU. P. 157-169. [in Russian].

Kuzyk B.N., Yakovec Yu.V., 2006. Civilizacii: teoriya, istoriya, dialog, budushchee [Civilizations: theory, history, dialogue, future]. Vol.2. Moscow: In-t ekonomicheskikh strategij, T. I. Teoriya i istoriya civilizacij. 765 p. [in Russian].

Lerua-Guran A., 1971. Religiya doistorii [Religion of prehistory]. Pervobytnoe iskusstvo [Primitive art]. Novosibirsk. P. 81-90. [in Russian].

Margulan A.H., 1979. Begazy-Dandybaevskaya kul'tura Central'nogo Kazahstana [Begazy-Dandybaevskaya culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka. 360 p. [in Russian].

Moldabay T., 2021. Zhazba matinder negizinde kone ujur alipbiinin qoldanylyyndagy erkeshelikter [Peculiarities in the use of the ancient Uighur alphabet based on written texts]. Turkic Studies Journal. 4. P. 44-52. [in Kazakh].

Novogrodova E.A., 1984. Mir petroglifov Mongolii [The world of petroglyphs of Mongolia]. Moscow: Nauka. 168 p. [in Russian].

Pansat Zh.M., Mamaeva G.B., Alkaya E., 2023. «Kok Taniri», «kok bori», «kok turik» sozderinin mifolingvistikalyq sipaty [“Kok Taniri”, “kok bori”, “kok turik” from mytholinguistic sipats]. Turkic Studies Journal. №3. P. 146-160. [in Kazakh].

Samashov Z., Bazyghan N., Samashov S., 2010. Kone turik tanbalary [Old Turkish characters]. AO «ABDI Kompani». 168 p. [in Kazakh].

Shaimerdinova N.G., 2014. Drevnetyurkskaya kartina mira v tekstah pis'mennyh pamyatnikov. Uchebnoe posobie [The ancient Turkic picture of the world in the texts of written monuments. Tutorial]. Astana: ENU. 307 p. [in Russian].

Shaimerdinova N.G., Kairzhanov A., Yarygin S., Moldabay T., 2017. Proiskhozhdenie i funkcionirovanie runicheskoy pis'mennosti [Origin and functioning of runic writing]. Astana: Alau Group & Co. 145 p. [in Russian].

Dalkesen N., 2015. Orta asya'dan anadolu'ya türk kültüründe geyik kültü [Deer cult in Turkish culture from Central Asia to Anatolia]. Millî Folklor. No 106. P. 61-69. [in Turkish].

Jacobson E., 1996. The Deer Goddess of Ancient Siberia: A Study in the Ecology of Belief (Review by: Fujikawa Shigehiko). Asian Folklore Studies. Vol. 55. No. 2. P. 374-377.

Kolot B., 2020. Türk Kültür Tarihinde Boğa-Öküz [Bull-Ox in Turkish Cultural History]. Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. No 8 (22). P. 435-437. [in Turkish].

Richard P.K., 2013. The Symbolical Language of Ancient Art and Mythology. New York: Hard Press Publishing. 453 p.

N.G. Shaimerdinova^a

^aL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail nurila1607@mail.ru)

T. Moldabay^b

^bL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: talgatomoldabay@mail.ru)

*Corresponding author: talgatomoldabay@mail.ru

Petroglyphs and tamgas of the Eurasian area as archetypes of Turkic culture and script

Abstract. The paper is devoted to the problems of the origin and connection of the Turkic culture and script with the most ancient petroglyphs, tamgas, and logograms. Researchers believe that since the Paleolithic era, petroglyphs, tamgas, signs have been widely spread on a vast territory of Eurasian area. In this context, the authors studied and systematized plot drawings, and signs-symbols of Kazakhstan, Mongolia, Kyrgyzstan, Uzbekistan, Azerbaijan, Turkey, Russia (Tyva, Khakassia, Gorny Altai, Transbaikalia).

The article hypothesizes that the oldest signs could be the basis for the formation of the Turkic script, and revealing their historical, cultural and semantic connection, classify archetypes into cruciform (✠, ☩ signs and their letter designations by consonants «d» and «z»), religious-cult, temporal-cosmological, anthropomorphic, and the signs prototypes of the Turkic nomadic culture (arba, weapons, wildlife).

Semantic analysis of archetypes is important for the identification of ancient man's perceptions about the world around him. The archetypes of nomadic culture reveal the way of life and the worldview of ancient people.

The paper asserts that the process of historical development of Turkic culture and script for thousands of years, starting from its origins, can be considered as an autochthonous phenomenon of the Turkic civilization.

Keywords: Eurasian area, petroglyphs, tamgas, archetypes, Turkic culture and script, semantic connection, picture of the world of the ancients, spirituality.

Н.Г. Шаймердинова^a

*^aЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан
(E-mail nurila1607@mail.ru)*

Т. Молдабай^b

*^bЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан
(E-mail: talgatmoldabay@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: talgatmoldabay@mail.ru*

Петроглифы и тамги Евразийского ареала как архетипы тюркской культуры и письменности

Аннотация. Статья посвящена истокам тюркской культуры и письменности, их связи с древнейшими петроглифами, тамгами, логограммами. Исследователи считают, что с эпохи палеолита петроглифы, тамги, знаки были широко распространены на обширной территории Евразийского ареала. В данном контексте авторы статьи изучили и систематизировали сюжетные рисунки, знаки-символы Казахстана, Монголии, Кыргызстана, Узбекистана, Азербайджана, Турции, России (Тыва, Хакасия, Горный Алтай, Забайкалье) и других стран. В статье выдвигается гипотеза, что древнейшие знаки могли быть основой для формирования тюркской письменности, и, выявляя их историко-культурную и смысловую связь, авторы осуществляют классификацию архетипов на крестообразные (✠, ☩ знаки и их буквенные обозначения консонантами «д» и «з»), религиозно-культурные, темпорально-космологические, антропоморфные и знаки-прообразы тюркской кочевой культуры (арба, вооружения, животный мир).

Важным является семантический анализ архетипов, выявление представлений древнего человека об окружающем мире. В архетипах кочевой культуры раскрывается образ жизни и картина мира древних людей: арба (основное средство передвижения), вооружения (средство защиты своей территории и собственности), домашние и дикие животные, символизирующие различные понимания древних тюрков о природе, социуме и человеке, в т.ч. их тотемные представления.

В статье утверждается, что процесс исторического развития тюркской культуры и письменности на протяжении тысячелетий, начиная с его истоков, можно рассматривать как автохтонговое явление тюркской цивилизации.

Ключевые слова: Евразийский ареал, петроглифы, тамги, архетипы, тюркская культура и письменность, смысловая связь, картина мира древних, духовность.

Авторлар туралы мәлімет:

Шаймердинова Нурила Ғаббасқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0001-6088-2867

Scopus ID - 57192978581

Молдабай Талғат, PhD, постдокторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID 0000-0001-7148-8945

Scopus ID P-1149-2014

Сведения об авторах:

Шаймердинова Нурила Ғаббасовна, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0001-6088-2867

Scopus ID - 57192978581

Молдабай Талғат, PhD, постдокторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID 0000-0001-7148-8945

Scopus ID P-1149-2014

Information about authors:

Shaimerdinova Nurila Gabbasovna, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0001-6088-2867

Scopus ID - 57192978581

Moldabay Talgat, PhD, Postdoctoral Researcher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID 0000-0001-7148-8945

Scopus ID P-1149-2014